# SARYARQA

8 шілде
2021 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№26 (8238)



КҮН ТӘРТІБІ

АПАТТЫ ҮЙЛЕР БАҒАЛАНЫП ЖАТЫР

2-бет

САЯСАТ

ХАЛЫҚ БИЛІГІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ

3-бет

ӘРТАРАПТАН

ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ

4-бет


## ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ – ЖЕЗҚАЗҒАНДА

***Парламенттің жетінші шақырылымының бірінші сессиясы аяқталғаннан кейін депутаттар өңірлерді аралап, аймақ ахуалымен кеңірек танысуды қолға алды. Мысты шаһарға алғашқылардың бірі болып атбасын тіреген Сенат депутаты Сергей Ершов пен Мәжіліс депутаты Арман Қожахметов қала әкімі Қайрат Әбсаттаров және мәслихат депутаттарымен кездесті.***



Аталған жиында алдымен сөз алған Қайрат Бектайұлы Парламент депутаттарына қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы қысқаша баяндап берді.

– Ағымдағы жылдың 5 айында экономикалық ахуал тұрақты динамикасын сақтап отыр .Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 386,1 млрд теңгені құрады. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі – 368,2 млрд теңге. Қаламызда құрылыс жұмыстары да қарқынды жүргізіліп жатыр. Бүгінде оның көлемі 2,9 млрд теңгені құрап отыр. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге көп. Жыл басынан бері 12,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қаланы дамытуда индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға басты басымдық беріліп отыр. Қарағанды облысы бойынша 2015-2019 жылдардағы кәсіпкерлікті қолдау жобасына сәйкес құны 13,9 млрд теңгені құрайтын 7 жоба негізінде 500 жаңа жұмыс орнын ашу қолға алынған болатын. Оның бесеуі – инвестициялық жобалар, – деген ол қала тұрғындарын, соның ішінде кезекте тұрған азаматтарды баспанамен қамту жұмыстарына да кеңірек тоқталып, аталған салада құқықбұзушылықтар кездеспегенін әрі бұл іс әрдайым қатаң бақылауда болатынын жеткізді.

Қала тазалығы мен абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарының бір ретке келіп, көз қуанарлықтай өзгергеніне ризашылығын білдірген Сергей Ершов бүгінгі азық-түлік нарығындағы баға ахуалына алаңдаушылығын да жасырмады.

– Азық-түлік өндірісінің өсуіне, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар көлемінің ұлғаюына да қарамастан баға өсуі тоқтамай отыр. Бұл туралы сенат отырысында өзге әріптестерімізбен бірге бірнеше рет жауапты министрлерге сауал жолдадық. Бағаның бұлайша шарықтауының себебін сұрадық. Дегенмен нақты жауап ала алмай отырмыз. Бұдан шығудың бірден-бір амалы – өзімізден шығатын өнімді көбейту, – деген сенатор Жезқазған аймағы бойынша аталған мәселені шешу бойынша қандай жұмыстар легі атқарылып жатқанын сұрады.

Бүгінде қала маңында көкөніс өсіруге қолайлы бос жерлері мол ауылдық елді-мекендер бар болғанымен, нақты осы шаруаға білек сыбана кіріскісі келетін кәсіпкерлер табылмай отырғанын жеткізген қала әкімі ауылшаруашылығына тиесілі өнімдердің көбісі көрші облыстардан келетінін және жол-көлік қатынасының да қиын екенін айта келе, мұның бәрі бағаның өсуіне әсер ететінін алға тартты. Оның сөзінше, биыл жарияланған тендерге сәйкес 25 гектар жер ғана кәсіпкерлер игілігіне берілген. Сондай-ақ қала маңындағы елді-мекендерде мал шаруашылығымен айналысатын фермерлердің саны молдығына қарамастан, ет тапшылығы туындап отыр. Қалаға келетін мал етінің басым үлесі Қостанай жақтан әкелінеді. Ал өзіміздің ет тек жыл соңында соғым сою маусымы ашылғанда да ғана айналымға енетін көрінеді.

Жақында ғана «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заңға сәйкес Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы болып сайланған мәжілісмен Арман Қожахметов карантиндік шектеулерге байланысты депутаттар корпусының өңірлерді аралауы уақытша тоқтатылғанымен, әлеуметтік желілер арқылы облыс, оның ішінде Жезқазған-Ұлытау аймағындағы барлық түйткілді мәселелерден хабардар болып отырғанын жеткізді.

– Біз көптеп кісі шығынына ұшыратқан пандемияға байланысты Қарағанды облысындағы денсаулық сақтау саласына жиі көңіл бөлуге тырыстық. Таяуда облыс әкімі Жеңіс Қасымбекпен кездесуіміз барысында ол өңірдегі медицинаның жағдайы біршама жақсарғанын айта келе, ендігі кезекте ауызсу мәселесін шешуге көмек көрсетуімізді сұрады. Біз алдағы уақытта бұл мәселені міндетті түрде көтеретін боламыз. Осы тұста сіздерден де нақты ұсыныстар күтетін боламыз, – дей келе Заңға өзгерістер енгізуге қатысты нақты ұсыныстар болса, ортаға салуларын өтініп, мәжілісте айтылған мәселелердің барлығының шешу жолдарын қарастыратынын айтты.

Жиын барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің міндеті, пәтер иелерінің орнын басатын меншік иелері бірлестігінің жұмысы және тұрғындар шағымдары бойынша да бірқатар мәселелер көтеріліп, шешу жолдары қарастырылды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

***Еліміздің жүрегінде орналасқан бас қаламыздың Сарыарқа төсінде еңсесін тіктеп, Тәуелсіз Қазақстанның басты нышанына айналғанына биыл – 23 жыл. Осы уақыт аралығында Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы жаһан жұрты қызыға көз тастап, әлем мойындаған жас қалалар мен астаналар қатарынан ойып орын алып үлгерді.***

## МЕРЕКЕДЕ МАРАПАТ АЛДЫ

Мерейлі мерекеде жезқазғандық алтын құрсақты аналар мен өз кәсібінде біліктілігімен көзге түскен мамандар марапат биігінен көрінді.

– Нұр-Сұлтан қаласы – еліміздің тірегі, басты мақтанышымыз. Егемендігіміз бен еркіндігіміздің, тұтастығымыз бен тұрақтылығымыздың, экономикалық өсуіміздің символы. Салыстырмалы қысқа мерзімде еліміздің саяси және мәдени орталығына айналған астанамыз әрбір қазақстандық үшін айрықша қымбат әрі қадірлі. Елордамыз ең озық, ең батыл сәулеттік шешімдер шындыққа айналған мекен, – деген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров барша қазақстандықтарды Нұр-Сұлтан қаласының туған күнімен құттықтады.

Мерейлі мереке қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің №531 Жарлығына сәйкес жезқазғандық бес ана «Күміс алқа» төсбелгісін иеленген болатын. Отбасы құндылығын жоғары бағалап, ел болашағы саналар балдырғандар санын көбейтіп жүрген «Күміс алқалы» аналар қатары биыл Гүлдана Мықтыбекова, Динара Ербатырова, Жадыра Байдалинова, Айгүл Сәрсенова және Майра Ахметжановамен толықты. Аталған аналарға төсбелгілер мен шоқгүлдер табыстаған қала әкімі еліміздің алтын діңгегі болып, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын жалғап жүре берулеріне тілектестігін білдірді.

Қайрат Бектайұлы келесі кезекте Нұр-Сұлтан қаласы күніне орай қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбегі және шығармашылық үлестері үшін Жезқазған қаласының Құрмет грамотасына лайық деп танылған бір топ үздіктерді марапаттады. Олардың қатарында Жезқазған бизнес және көлік колледжінің оқытушысы Қания Тұрсынбаева, Жезқазған қаласының жоғары медициналық колледжінің оқытушысы Найля Нысанбаева, «Қазпошта» АҚ Жезқазған қалалық филиалының өңдеу және жеткізу бөлімінің сұрыптаушысы Татьяна Толецкая, «Әбілдинова» ОДА-сының учаскелік медбикесі Қарашаш Даниярова және Жезқазған қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы Ардақ Жанатова, қалалық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Нұргүл Шайкөзова, «Көшімбаева» ОДА-сының скрининг кабинетінің медбикесі Қарлығаш Өтегенова, №24 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ботакөз Мұхиден бар.



– Еліміздің жандануы мен көркем келбетіне айналған Нұр-Сұлтан қаласы мен Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі тығыз байланысты. Қысқа мерзім ішінде сырт көз сүйсіне көз тастайтын ғажайып қала тұрғызылғаны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өлшеусіз еңбегі екеніне ешкімнің де шүбәсі жоқ. Астанамыз арқылы Қазақстанды танитындар саны артты. Осынау жарқын мереке қарсаңында баршаңыздың бастарыңызға саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деген Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдрахман Досанов қалалық депуттар корпусы атынан ақжарма лебізін білдірді. Мәслихат хатшысы қолынан Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын Жезқазған мыс қорыту зауытының бас энергетигі Нұрбек Жұмабаев, Жылумен-сумен жабдықтау кәсіпорынының бас инженерінің орынбасары Алмасбек Текебаев, Талап ауылдық №14 жалпы білім беретін мектебінің директоры Қалдеш Түлеубаев, Жезқазған индустралдық-гуманитарлық колледжінің оқу бөлімі меңгерушісі Асыл Сәдуақасова, «Kazakhmys Energy» жылу электр орталығы өндіріс жөніндегі бас инженерінің орынбасары Ермек Жұмакенов, Жезқазған мыс қорыту зауыты күкірт қышқылы цехының бастығы Әбдіғали Қарақожаев, Жезқазған байыту фабрикасы №2 ұнтақтау корпусының техникалық жетекшісі Рахат Ысқақов иеленді.

– Мерекелік шара Айзада Әбдіхалықованың орындауындағы «Астана» әнімен қорытыланды.

**Өз тілшіміз**



## МҮФТИЯТ ҚҰРБАН ШАЛУ ТӘРТІБІН ЖАРИЯЛАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл Құрбан айтқа құрбандық шалу рәсімін қалай өткізетіндерін айтты.

ҚМДБ қала тұрғындарына өз атынан қашықтан құрбандық шалу қызметіне тапсырыс беруді ұсынды.

«Биыл құрбандық шалу рәсімін екі жолмен жүзеге асыруды ұсындық. Санитариялық талаптарды қатаң сақтай отырып, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарынан рәсімді өткізуге рұқсаты бар жергілікті қасапханаларда офлайн режимде және шариғат ережелеріне сәйкес qurban2021.kz сайты арқылы онлайн режимінде құрбан шала аласыздар», делінген хабарламада.

ҚМДБ карантин жағдайында қалада тұратын тұрғындар үшін өз атынан құрбандық шалу қызметіне қашықтан тапсырыс беру – ең жақсы шешім екенін атап өтті.

«Шариғат ережелеріне сәйкес, мұсылман басқа мұсылманға оның атынан бірдеңе жасауға рұқсат бере алады. Бірде Пайғамбар Хаким ибн Хизамға жануарды өз атынан құрбандыққа шалуды бұйырды. Құрбан шалуды уәкілетті тұлға арқылы жүзеге асыруға болатындығын осы жағдайдан анық көруге болады», – делінген ҚМДБ жариялаған хабарламада.

Өткен жылы карантинге байланысты ҚМДБ құрбан шалуға арналған арнайы сайтты іске қосты. Онда қазақстандықтар



құрбандық шалу рәсімін онлайн режимінде өткізуге өтінім рәсімдей алады. Тапсырыс беруші қызметке ақы төлеп, фото және бейне есебін сұрай алады.

**«Saryarqa-ақпарат»**


### Жезқазған қаласы Талап ауылы әкімінің сайлауына кандидаттар мен саяси партиялардың НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес «Сарыарқа» газетінің редакциясы» ЖШС Жезқазған қаласы Талап ауылы әкімінің сайлауына кандидаттардың (бұдан әрі – Кандидаттар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

– ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;

– газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалының көлемі 350 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;

– кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;

Үміткерлердің сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері:

**1-бет үшін – 300 теңге;**

түрлі-түсті беттер үшін –**200 теңге;**

ақ-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

**«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС**


## ЗИРАТТАР ҚОРЫМЫНА НЕГЕ КӨҢІЛ БӨЛІНБЕЙДІ?

***Зират қорымы – қайтыс болған адамдарды жерлеу үшін бөлінген аумақ екені белгілі. «Өлсең, орның қара жер» демекші, тірліктегі сапары таусылған барша жанның барар жері осы. Бай мен кедейдің, жас пен кәрінің, күшті мен әлсіздің бір-бірінен артық еместігін көрсететін ортақ мекен – қабірстан. Жалпы тірі адам қандай құрметті болса, дәм-тұзы таусылып қайтыс болған кісілер де сондай қадірлі. Сондықтан да адамның тәні көмілген зираттар аумағын құрметтеп таза ұстау, қорғау, бүлінген жерлерін түзетіп реттеу сияқты әдептерді орындау – тірілер үшін қастерлі парыз. Өлілерге біздің бүгінгі таңдағы құрметіміз қандай? Біз осы жайды зерделеп, зерттеп көрген едік. Жезқазған қаласындағы бірнеше жерге бөлініп орналасқан мұсылмандар қорымының жай-күйі туралы әңгіме қозғар болсақ, орын алған бірталай кемшіліктер мен олқылықтарды ашып айтуға тура келеді. Осы қорымдарды ретке келтіріп, күтіп ұстауға байланысты кейінгі уақытта қала тұрғындары тарапынан да ренішті пікірлер мен сын ескертулер жиі айтылып жүр.***

Жерлеуді және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын мәслихат бекітіп, онда бекітілген міндеттерді тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР-ның 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңына сәйкес Қарағанды облыстық мәслихаты 2019 жылғы 13 тамыздағы шешімімен облыстағы жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіткен болатын. Бұл құжатта жергілікті атқарушы органдардың жерлеу үшін орын бөлу тәртібі, қайтыс болғандарды жерлеу тәртібі, қабірлерді жобалау және орналастыру, жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау жөніндегі міндеттер нақты атап көрсетілген. Алайда, Жезқазған қаласы аумағындағы зираттар қорымын орналастыру мен күтіп-ұстау жұмыстары облыстық мәслихатта нақтыланған осы қағиданың талабына толық сай келеді деп айта алмаймыз. Негізінде белгіленген тәртіп бойынша зират қорымын дұрыстап ұстау және пайдалану жөніндегі барлық ұйымдастырушылық және әкімшілік-шаруашылық функцияларын жүзеге асыратын зират қорымының әкімшілігі болуы керек. Біз қала іргесіндегі зират қорымына барып, ондағы жағдаймен танысқанымызда мұсылмандар қорымында мүлдем ие жоқ екендігіне, содан барып ондағы жұмыстардың бей-берекет жүргізілетініне көз жеткіздік. Мәселен, зират қорымының әкімшілігі әрбір мәйітті жерлеуге байланысты жерлеу жылын, айын, күнін, қабірдің нөмірін, қайтыс болған адамның аты-жөнін, қайтыс болған күнін және себебін, жерлеуді жүргізген адамның дерегі мен мекенжайын арнайы кітапта тіркеп отыруға тиіс. Мұндай кітап тұрмақ, зират басында ие болатын шырақшы немесе күзетші де жоқ. Қабір қазушылардың бригадирі саналатын Наурызбай Әбдікәрімов деген азамат 14-15 жылдан бері қабір қазу ісімен айналысуына байланысты Ботаникалық бақ маңындағы екінші және үшінші мұсылман зираттарында тұрақты болатын адам екен. Қабірстанға қатысты шаруаларды сол кісіден сұрадық.

– Бұрын Әбдіхамид Қаражігітов ақсақал шырақшы болған еді. Қазірде жасы 86-дан асқан қарияның мұнда келіп жүретіндей денсаулығы жоқ. Сондықтан әкімдік зиратқа бас-көз болып, иелік жасайтын адам тағайындауы керек. Жылда автобус бөлініп, зират басына адамдар келіп сенбілік жасаушы еді. Биыл мұндай шара да атқарылмады. Қарамағымдағы адамдармен біз өз күнімізді өзіміз көріп жатырмыз. Құрал-сайманымызды үйден әкеліп, адамдардың тапсырысы бойынша қайтыс болғандарды жерлеу үшін қабір қазамыз. Бұл жерде бір артық зат қалдырсаңыз ұрлап кетеді. Зират басындағы отыратын жерде свет жоқ. Қыста тіпті қиын. Мәйіт әкелетін жолды қар басып қалған кезде көлік жүрмей қалады. Өзіміз ақша төлеп аршытуға мәжбүр боламыз. Тоқ тартылса отыратын бөлмеге от жағып, пайдаланып отыруға болады. Электр жарығы бұрын болған, он жылдан бері жоқ. Оның ақшасын да өзіміз төлер едік, қосып берсе. Тоқетері бүгінге дейін қазақ қорымына әкімдік тарапынан жасалған ешқандай қамқорлық көріп отырған жоқпыз, – дейді қабіршілердің жетекшісі Наурызбай.

►3-бетте

***Елімізде 20 мыңға жуық адам есірткіге және 100 мыңға жуық адам ішімдікке тәуелді көрінеді. Әлем елдерінің барлығы үшін қоғам дерті саналатын бұл проблема біраздан бері көп жүйкені жұқартып келеді. Жыл сайын дүниежүзі халқы 26 маусымда нашақорлыққа қарсы күрес күнін атап өтіп, әлеуметке ортақ бұл мәселенің шешу жолдарын қарастырып, халықты есірткіге әуес болудан сақтандырады.***

## ЕСІРТКІ – ҚОҒАМ ДЕРТІ



Дүниежүзілік нашақорлыққа қарсы күрес күні аясында қаламыздағы «Жастар» саябағында жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жезқазғандық жастар нашақорлық пен ішімдікке қарсы» атты эссе байқауы өтті. Аталған шараға Жезқазған қаласы полиция басқармасының есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл бөлімінің жедел уәкілі, полиция капитаны Айбек Бекжанов кинологиялық қызмет тобының кіші инспекторы, полиция сержанты Нариман Нұрболұлы, ЖИТС-тың алдын алу және күресу орталығының әлеуметтік педагогі Гүлнұр Беспаева, «СК NAMYS» спорт клубының басшысы Берік Деңгелбай және Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, Жезқазған аймағының «Спортты дамыту орталығы» ҚБ-нің президенті Саят Балмағанбетов қатысып, жастарды есірткіден аулақ болуға шақырып, ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Эссе қорытындысына сәйкес Жезқазған жоғарғы медициналық колледжінің студенті Қарақат Бейсен I орынды, Жезқазған гумантарлық колледжінің студенттері Аружан Жомартқызы II орынды, Нұрайлым Қапыш III орынды иеленіп, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Шара аясында «Бірлік» волонтерлық клубының еріктілері «Біз нашақорлыққа қарсымыз» атты нұсқаулар мен ескерту парақшаларын таратты. «ULYTAU STREET WORKOUT» клубының спортшылары өз өнерлерін көрсетіп, жиылған қауымды батылдықтарымен, ептіліктерімен тәнті етті. Шара соңында клуб жетекшісі Сергей Финогеев пен команда спортшылары Дмитрий Ли мен Рустем Марченкоға, Даниил Солодовников пен Никита Тильға және Валерий Лукьянов, Михаил Казанцев, Станислав Корницкийге ұйымдастырушылар атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

**Ай СҮГІР**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## БИЫЛҒЫ ҰБТ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ

***Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуден 1900-ден астам ғана талапкер 120 балдан жоғары жинай алды. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев айтты.***



– Ұлттық бірыңғай тестілеуге нақты 145 288 талапкер қатысты. Оның ішінде 75,5 пайызы қазақ тілінде, 24,3 пайызы орыс тілінде және 350 адам, яғни 0,2 пайызы ағылшын тілінде тапсырды. Биыл ҰБТ-ның орташа балы 69,08 балл болды. Өткен жылмен салыстырғанда орташа балл 5 балға артты. Ал шекті балды 65 пайызы жинады және 39,4 пайызы шекті балдан өте алмады, – деді вице-министр министрліктің аппарат жиналысында.

Оның атап өтуінше, орташа балдың өсуіне оқуға түсушілердің ҰБТ тапсыруға 2 мүмкіндігінің болуы әсер етті.

– Осылайша олар өз нәтижелерін жақсарту үшін дайындалуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар электронды форматты енгізу арқылы талапкерлердің жауаптарын түзетуге, тест тапсырмаларын шешуге уақыт жеткілікті болды. 1 923 түсуші 120 баллдан жоғары алды. Ең жоғары балл – 140 баллды бір талапкеріміз жинады. Ол – Павлодар қаласынан Данияр Уәлиев деген оқушымыз. Былтырмен салыстырғанда ең жоғары балл 139 болды. Оны да бір талапкер жинады, – деді Қуаныш Ерғалиев.

## «ASHYQ» ҚОСЫМШАСЫ: 1449 АЛМАТЫЛЫҚТАН «ҚЫЗЫЛ» БЕЛГІ ШЫҚТЫ

***Алматыда Ashyq мобильді қосымшасының көмегімен QR-коды арқылы сканерлеу бойынша рұқсат етілмеген жерге баруға тырысқан 1449 тұрғынның «қызыл» мәртебесі расталды.***




Алматыда коронавирус таралуын болдырмау жөніндегі жедел штабтың деректері бойынша, 9 сәуір мен 1 шілде аралығында QR-код арқылы мәртебені сканерлеу кезінде 1449 тұрғыннан «қызыл», 370 алматылықтан «сары» статус анықталды.

«Ashyq жобасы бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлік нысандарының кіре берістеріндегі сканерлеу нәтижесі 716 тұрғынның «қызыл», 189 тұрғынның «сары» мәртебесін растады. Айта кетерлігі «қызыл» мәртебесі бар 157 және «сары» мәртебесі бар 40 тұрғын фитнес орталықтары мен бассейндерге кіруге тырысқан. Монша мен саунада «қызыл» мәртебесі бар 39 адам, «сары» мәртебесі бар 9 адам анықталды. Кинотеатрлардың кіре берістерінде «қызыл» мәртебесі бар 71 тұрғын, «сары» мәртебесі бар 34 адам анықталды. Қоғамдық тамақтану орындарында «қызыл» мәртебесі бар 286 және «сары» мәртебелі 56 тұрғын анықталды. Ал Алматының әуежайына «қызыл» мәртебедегі 89 және «сары» мәртебелі 21 адам кіруге тырысқан.

Алайда, нысанға бармай, сканерлеу нәтижесінде, яғни үйде оқшауланғандардың ішінде 733 тұрғынның «қызыл», 181-інің «сары» мәртебелері расталды. Анықталғанындай, олар қоғамдық орындарға, оның ішінде бассейндерге, сауналарға, кафелер мен мейрамханалар баруға тырысқан.

## УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ШТАТЫ ҰЛҒАЙТЫЛАДЫ



***ҚР Ішкі істер министрлігі Ерлан Тұрғымбаев ведомствоның алдағы кезеңге арналған міндеттерін айқындады. Бұл туралы ҚР ІІМ баспасөз қызметінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек айтты.***

Оның атап өтуінше, министр айқындаған міндеттердің бірі жаяу патрульдердің, соның ішінде заманауи технологияларды пайдалана отырып, полицейлердің қызмет атқаруына тиімді бақылауды ұйымдастыру болды. Сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алуды күшейту және халық үшін учаскелік полиция инспекторларының қолжетімділігін қамтамасыз ету басым бағыт екендігі айтылған.

Осы орайда Ішкі істер министрлігі алдағы уақытта ішкі резерв есебінен учаскелік полиция штаты ұлғайтылатындығын айтқан.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес учаскелік инспектордың мәртебесін арттыру және оның тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті өкілеттіктерін кеңейту бойынша шаралар қабылдануда. Ауылдық жерлерде қызметтік тұрғын үймен жапсарлас учаскелік пункттер салынуда. Өз резервтері есебінен учаскелік полиция қызметінің штаты қосымша ұлғайтылатын болады, – деп атап өткен Ерлан Тұрғымбаев.

САЙЛАУ – 2021

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІ САЙЛАУЫНА ТӨРТ ПАРТИЯ КАНДИДАТ ҰСЫНДЫ

***Қарағанды облысында 7 шілдедегі жағдай бойынша ауыл әкімдерін сайлауға 260 кандидат ұсынылды. Олардың 185-і өзін-өзі ұсынған, ал 75-і – саяси партиялардан.***

Облыстық сайлау комиссиясының хабарлауынша, қазіргі уақытта төрт партия өз мүшелерін ұсынды. Ең көп үміткерін ұсынған партия Nur Otan болды. Бұл партиядан 61 кандидат ұсынылып отыр. Қазақстанның Халық партиясы – 7, «Ауыл» – 5, «Адал» – 2 адам ұсынды.

Ұсыну процесінің аяқталуына екі күн қалды. Облыста бұл кезең 26 маусымда басталып, 9 шілдеде аяқталады. Содан кейін сайлау комиссиялары кандидаттарды тіркеуге кіріседі.



Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысында ауыл әкімдерінің алғашқы тікелей сайлауы 25 шілдеде өтеді. Олар 149 елді-мекенде өтеді. Төрт жылдық мерзімге 75 ауыл әкімін сайлау жоспарлануда.

## ҮГІТ 14 ШІЛДЕДЕ БАСТАЛАДЫ

***ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық сайлау комиссияларының шешімдерімен ағымдағы жылдың 25 шілдесіне Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің 730 әкімін сайлау тағайындалғанын хабарлайды.***

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес эфирден және баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті бұқаралық ақпарат құралы сайлау алдындағы үгітті жүргізу басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей (2021 жылғы 9 шілдеден кешіктірмей) хабарлап, жариялауға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары эфир мен баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер жарияланғанға дейін кандидаттардың үгіт материалдарын орналастыру, тарату үшін эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бере алмайды (осы норманы бұзу лауазымды адамдарға – 30 АЕК мөлшерінде, заңды тұлғаларға 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады).

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау бойынша эфир және баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер аумақтық сайлау комиссияларына берілуі тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 27-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Осылайша, сайлау алдындағы үгіт **2021 жылғы 14 шілде** жергілікті уақытпен **сағат 18:00-ден** кейін басталып, **2021 жылғы 24 шілде** жергілікті уақытпен **сағат 00:00-де** аяқталады.

COVID-19

***Қазіргі күн тәртібіндегі негізгі мәселе – міндетті вакцина алу. 2 шілдеден бастап күшіне енген Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер Ерлан Қиясовтың кезекті қаулысына сәйкес барлық мекеме, халыққа қызмет көрсету орындарының қызметкерлері екпе алуға міндеттелді. Тек қана денсаулық жағдайына байланысты рұхсат етілгендер – созылмалы ауруы барлар және COVID-19-бен ауырғаннан кейін үш ай өтпеген азаматтар ғана міндетті екпеден босатылады. Ал екпеден босатылмағандар 15 шілдеге дейін вакцинаның I компонентін, 15 тамызға дейін II компонентін алып үлгеруі тиіс. Вакцинадан бас тартқан жағдайда аптасына бір рет ақылы ПТР-тестін тапсырып отыру қажет. Денсаулығы вакцина алуға жарамайтын және соңғы 3 айда коронавируспен ауырғандар ғана ПТР-тестін тапсырмауларына болады.***



# ЕКПЕ ҒАНА ЕМ БОЛАДЫ

Бүгінге дейін қаламызда 16500 адам вакцина алған. Солардың бірі – Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Арман Кенжебек.

– Коронавирусқа қарсы екпе егу шаралары 2 ақпаннан басталғаны белгілі. Сол уақыттан бері вакцина туралы барлық ақпараттарды зерттеп, жүйелеп, толыққанды қарастырдым. Білесіздер, ел арасында екпеге қатысты сан түрлі қауесет жүріп жатыр. Міндетті екпеге қарсы шығушылар да бой көрсетуде. «Екпе денсаулыққа зиян. Белсіздікке, бедеулікке шалдықтырады немесе бірнеше жылдардан соң кері әсерін тигізеді» деген сыңайлы біраз әңгімені де құлағымыз шалып, көзбен көріп, куә болып жүрміз. Дегенмен, тарихқа көз жүгіртсек, адамзат үшін аса қауіпті барлық жұқпалы аурулар екпенің көмегімен ғана ауыздықталған. Кез келген елдің басты капиталы, басты байлығы – адам. Дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің барлығы дерлік жаппай екпеге көшіп жатыр. Осы тұста олар өз халқын қолдан қырып, адами капиталын азайтатындай ақымақ емес қой. Мұның барлығы, керісінше, халықтың денсаулығын жақсарту, адам өлімін азайту мақсатында жүргізіліп жатқанынын ескеруміз керек, – деген ол барлық жезқазғандықтарды екпе алуға үндейтінін жеткізді.

Вакцина алған қала тұрғындарының қатарында Таңшолпан Төлендиева да бар.

– Қазір барлық мекемелер өз қызметкерлерін екпе алуға міндеттеп жатыр ғой. Бұған түсіністікпен қарауымыз керек деп ойлаймын. Себебі, ауру күн сайын үдеп келеді. Тәулік сайын ауру жұқтырғандар саны артуда. Қарағанды облысы қайтадан «қызыл» аймаққа өтті. Екпе алу неғұрлым жетел қарқын алса, коронавирустың тарау қарқыны да соғұрлым бәсеңдейтін болады, – дейді ол.

# ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ

## *Эпидемиологиялық ахуалдан хабардар етті*

***Әлемді жайлаған коронавирус індеті биылғы жаз маусымында да қайта үдеп тұр. Жезқазған қаласы бойынша өткен жылдың бірінші жартыжылдығында COVID-19-бен ауырғандар саны 1905-ті құраса, 2021 жылғы дәл осы аралықта індет жұқтырғандар саны 1276-ға жеткен. Былтырғы маусым айындағы көрсеткіш бойынша 443 адам ауырса, биыл 310 жағдай тіркелген. Айырмашылық айтарлықтай көп емесін ескерсек, үйреніскен әдет бойынша сақтық шараларын күшейтіп, маскалық режимді қатаң сақтағанымыз, әлеуметтік арақашықтықты ұмытпағанымыз абзал. Қайтадан «қызыл» аймаққа енген Қарағанды облысындағы және қаламыздағы эпидемиологиялық ахуал жайлы тұрғындарға толық мағлұмат беру мақсатында қала әкімі Қайрат Әбсаттаров «Instagram» әлеуметтік желісіндегі әкімдіктің ресми парақшасы арқылы тікелей эфир өткізді.***

Бұдан былай барлық мекеме қызметкерлері вакцина салуға міндеттелгені белгілі. Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2 шілдеден бастап күшіне енген арнайы қаулысына сәйкес барлық халыққа қызмет көрсететін нысандарының COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған қызметкерлерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылады. Бұл шектеу тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы үш ай ішінде коронавируспен ауырып, жазылғандарға қатысты емес. Вакцина алуға қарсылық танытқан қызметкерлер аптасына бір рет ПТР тестін тапсыруға міндетті.

– Вакцинация науқаны басталғаннан бері 18 мың адам вакцина алды, бұл тұрғындар үлесінің 36%-ын құрайды. Дегенмен аурудың таралу қаупі әлі де жоғары. Бұған карантиндік шараларды естен шығару, әсіресе, бұқаралық жиын-тойларды өткізу себеп болып отыр. Бүгінгі таңда барлық әлем елдері жаппай екпе алуға көшіп отыр. Бұл үдеріс өз тиімділігін дәлелдеуде, – деген Қайрат Бектайұлы өзінің де «Спутник-V» вакцинасының екі компонентін де ектіргенін, бүгінде денсаулық жағдайы жақсы екенін жеткізді.

Тікелей эфир барысында тұрғындар тарапынан жиі қойылған сауал вакцинаның кері әсеріне қатысты болды. Аталған сұраққа Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы Оңал Байғожина нақты жауап берді. Коронавирусқа қарсы вакцинаның денсаулыққа қаупі жоғын әлемдік білікті дәрігер мамандар мен ғалымдар тұжырымдамасына сәйкес кеңінен түсіндіріп берген қала әкімі коронавирустың таралу жылдамдығы бес есе жоғары дельта, яғни, үнді штаммы жайында да ақпар беріп, алдын алу шараларын жүргізу қажетін еске салды.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# АПАТТЫ ҮЙЛЕР БАҒАЛАНЫП ЖАТЫР

***Қала көркі сәнді де сапалы, заңғар да зәулім ғимараттарымен кірері белгілі. Дегенмен, Қарағанды облысы бойынша тозығы жетіп, құлау алдында тұрған үйлердің 70 пайызы Жезқазғанға тиесілі екенін ескерсек, сәулет және құрылыс жұмыстарына көңіл бөлу керектігі айтпаса да түсінікті. Қала бойынша 26 апатты жағдайдағы көп пәтерлі үй бар. Соған сай облыс әкімі Жеңіс Қасымбек 2020-2025 жылдар аралығында апатты жағдайдағы үй тұрғындарын көшіру бойынша арнайы бағдарлама әзірлеп, мәселені шешудің жедел әрі тиімді жолдарын қарастыруды тапсырған болатын.***

2020-2025 жылдар аралығында мысты шаһарда барлығы 149 көп пәтерлі үйдің тұрғындары жаңа қонысқа көшірілмек. Көшірілген барлық тұрғындарға жылжымайтын мүлікті реквизициялау жолымен тұрғын үйдің нарықтағы бағасына сәйкес өтемақы төленетін болады. Аталған жылдар ішінде өтемақымен толық қамтамасыз ету үшін 6,4 млрд теңге қажет болады. Бұған облыс тарапынан қолдау көрсетіліп отыр.

Биыл қала бойынша 24 апатты жағдайдағы үйдің 259 пәтерінің тұрғыны көшіріліп, оның 250-іне жылжымайтын мүлікті бағалау құны бойынша өтемақы беріледі. Ал қалған тоғызының пәтері жекешелендірілмеуі себепті, үй иелеріне коммуналдық тұрғын үй қорынан жалдау шарты бойынша баспана берілмек.

Газетіміздің алдыңғы сандарында аталған пәтерлерді нақты бағалау жұмыстары жүргізіліп жатқанын, болжам бойынша жобаланған 3,5 млн теңгеге тұрғындардың наразылығын жазған болатынмыз. Аталған мәселе бойынша Жезқазған қаласы тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Алиса Сағымбаеваға хабарласып,



анық-қанығын білуге тырыстық. Оның айтуынша, барлық бағалау жұмыстары осы аптада толық аяқталатын көрінеді. Нақты шешім шығып, бекітілгеннен кейін тұрғындарға қосымша хабарланатын болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЗИЯНДЫ ШЕГІРТКЕЛЕР және ОЛАРМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

***Шегірткелер тік қанатты насекомдар отрядының бір тармағын құрайды. Қазақстанда шегірткелердің 200-ден астам түрлері кездеседі. Бірақ солардың ішінде он шақты түрлері ғана қауіпті зиянкестердің қатарына жатады.***

Зиянды шегірткелердің барлық түрлерінің жылдық даму циклі бір генерациялы, яғни жылына бір ұрпақ беріп, өсіп-өнеді. Олар жұмыртқа түрінде топырақ арасындағы күбіршенің ішінде қыстайды. Көктемде жұмыртқалардан балаңқұрттар шығады. Балаңқұрттардың шығу мерзімі шегірткелердің қандай түрге жататындықтарына және олардың мекендеген жерлерінің ауа райымен және тағы басқа жағдайларына байланысты. Тіршілік ету ерекшеліктеріне байланысты шегірткелер үйірлі және үйірсіз болып екі топқа бөлінеді. Үйірлі топқа сан жағынан өте көп өсіп-өніп және белгілі бір алқапта тығыз орналасып, шоғырлана тіршілік ететін (көкқасқа шегіртке, мароккалық шегіртке және итальяндық прус), ал үйірсіз шегірткелер тобына бір жерге шоғырланбай, дара-дара тіршілік ететін шегірткелер жатады. Үйірсіз шегірткелерді саяқ шегірткелер деп атайды (атбасарлық, сібірлік, қара қанатты, крест тәрізді шегірткелер және басқалары).

Зиянды шегірткелер қатарына үйірлі шегірткелер жатады. Үйірлі шегірткелер мынадай қасиеттерге тән: олар оқтын-оқтын жаппай өніп-өсіп, сан жағынан өте көбейіп кетеді. Мұндай жылдары олар үйір-үйір болып, шоғырланып, ал саны аз болған жылдары саяқ шегірткелер сияқты жеке-жеке тіршілік етеді. Үйірлі шегірткелердің тіршілік ету жағдайларының осындай ерекшелігін кезеңдік өзгергіштік деп атайды. Үйірлі шегірткелер беде, мақта, күнбағыс, көкөніс және астық дақылдарын зақымдайды. Сонымен қатар шабындық пен мал жайылымдағы өсімдіктерге де көп зиян келтіреді. Үйірлі шегірткелердің азаюы үшін игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлерді, сондай-ақ егіс араларындағы бос телімдерді игеріп, пайдалану сияқты мәдени-шаруашылық шараларды жүргізудің маңызы зор. Тың жерлерді жырту, күбіршелерін тек қана тығыз топырақты бұрын жыртылмаған жерлерге салатын бірқатар зиянды шегірткелердің толық құрып кетуіне әкеліп соқтырады. Пішендік жерлерді суару және уақытысымен шөбін шауып жинап алу шаралары шегірткелердің өсіп өнуі мерзімін кешіктіреді де олардың келтіретін зиянкестік әрекеттерінің дәрежесін төмендетеді. Үйірлі шегірткелермен тағы бір күресу шарасы олардың негізгі мекендерінде алдын ала шегірткелерді егін жайға өткізбей жою. Ол үшін балаңқұрттар жайылған жерлерге химиялық өңдеулер жүргізу керек.

Осыған сәйкес қауіпті және аса қауіпті организмдерге фитосанитарлық іс-шаралар,азиялық,итальяндық прус және саяқ шегірткелерге қарсы жүргізілетін фитосанитарлық іс-шараларды қоспағанда, кәсіпкерлік субьектілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының (20-бап, 3-тармақ). саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу облыстың жергілікті атқарушы органдарының құзіретіне кіреді ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы (9-бап, 4-1-тармақша).

Қаламыз бойынша фитосанитариялық ахуалды сақтау үшін, уақытылы арнайы жоспарланған іс-шаралар жүргізіледі. Осыған орай ауыл шаруашылығы тауар өндірушілермен фитосанитарлық талаптар, аса қауіпті зиянды организмдермен күресу тәсілдері мен әдістері жайлы түсіндіріліп отырады.

Жезқазған қаласына қарасты селолық округтердің мемлекеттік қор жерлеріне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитариялық диагностикалық және болжамдар әдістемелік орталығы» Ұлытау аудандық филиалы мамандарымен бірігіп аса қауіпті шегіртке тектес зиянкестеріне анықтау-зерттеу жұмыстары уақытылы атқарылып келеді.

**Мұхит ДАУТБАЕВ,**
**«Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас маманы**

САЙЛАУ – 2021

*Серікжан БАЙБОСЫНОВ:*

# ӘКІМДЕРДІ ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ – ДЕМОКРАТИЯНЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



***Қарағанды облысында ауылдық округтер, ауылдар мен кенттер әкімдерін сайлау 25 шілдеге жоспарланған. Бұл демократияны нығайтуға бағытталған маңызды қадам, оған ауылдың әрбір тұрғынының әл-ауқаты тәуелді болады, деп санайды ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облыстық филиалының директоры Серікжан БАЙБОСЫНОВ.***

– Біздің өндірушілер негізінен ауылдық жерлерде тұрады. Әкімді таңдау арқылы олар мемлекеттік басқаруға қатыса алады. «Тыңдаушы мемлекет» тұжырымдамасы да осы туралы баяндайды. Әкімдер халық алдында тікелей есеп береді және өзгенің бағдарламаларына сілтеме жасамайды. Үгіт жұмыстары басталған кезде, олар өз елді-мекендерінің қажеттіліктерін ескере отырып, нақты бағдарламалар немесе жобалар ұсынуы керек, – дейді Серікжан Байбосынов. – Адамдар туған ауылының дамуы олардың азаматтық белсенділігі мен таңдауына байланысты болатынын түсінуі керек. Ауыл тұрғындары сайлауға белсенді қатысатынына сенімдімін, өйткені олардың әрқайсысы кішкентай Отанына шын жүректен алаңдайды.

Спикер үлкен жауапкершілік аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларына, жергілікті әкімдіктерге жүктелетінін атап өтті. Көп нәрсе олардың дайындық және түсіндіру жұмыстарын қаншалықты сапалы жүргізетіндігіне байланысты болады.

– Саяси партиялардың өкілдері ғана емес, өзін-өзі ұсынатын кандидаттар бола алады. Ең бастысы, бюллетеньдерде «Бәріне қарсы» деген тармақ болады. Бұл демократиялық қоғамның тағы бір талабы, – деп қосты Серікжан Байбосынов.

Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысында алғашқы тікелей сайлауда 75 ауыл әкімін сайлау жоспарланған. Сайлау 149 елді-мекенде өтеді, онда 134 мыңнан астам адам тұрады, оның ішінде 81 мыңнан астамы сайлаушылар. Сайлауға 164 сайлау комиссиясы қатысады – 15 аумақтық және 149 учаскелік.

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында бұған дейін жанама түрде, яғни аудандық, қалалық мәслихат депутаттарының таңдауымен сайланып келген ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы ұсынысын білдірген болатын. Азаматтардың конституциялық құқықтарын толыққанды іске асырудағы белсенділігін арттырып, халықтың билікке деген сенімі мен әкімнің халық алдындағы жауапкершілігін арттыру, ашық түрде есеп беруін күшейту және Президентіміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік беретін сынау таңдау үдерісінде биыл Қарағанды облысы бойынша 201 ауылдық деңгейдегі әкімнің 75-ін жаңадан сайлау жосарлануда. Жезқазған аймағы бойынша Талап елді-мекенінің әкімін тұрғындар өздері таңдамақ. Аталған сайлау науқанына дайындық барысы туралы толығырақ хабардар болу мақсатында Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының төрайымы Бақыт БИТЕНОВАНЫ әңгімеге тарттық.***



# ХАЛЫҚ БИЛІГІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ

***– Бақыт Рахманқызы, елімізде ауыл әкімдерін сайлау тәжірибесі алғаш 2013 жылы жүзеге асырылған еді. Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес биыл бұл үрдіс қайта жанданып отыр. Мұның ауылдық елді-мекендерде ел игілігі үшін аянбай адал әрі әділ түрде қызмет ететін ең лайықты басшыны таңдаудағы ықпалы қаншалықты деп ойлайсыз?***

– Әкімдерді сайлау – демократияны нығайту, жергілікті халықтың билікті бақылаудағы рөлін арттыру, сондай-ақ дамыған елге айналу жолындағы маңызды қадам. Ел бесігіне айналған ауыл әкімдерін сайлаудың жөні тіптен бөлек дер едім. Белгілі бір аймақтағы басшыны сол жер тұрғындарының өзі сайлауы дамыған елдер тәжірибесінде көптеп кездеседі. Бұған басты мысал ретінде АҚШ-ты алып қарауға болады. Аудандық немесе қалалық мәслихаттағы бірнеше адамның шешімінен гөрі сол жер тұрғындарының өз ауылдарын алға сүйреп, мәртебесін биіктетер, сенім артуға болатын азаматты өздері дауыс беру арқылы таңдауы – ең дұрыс шешім. Сол себепті де біз аталған бастаманы дер кезінде көтеріп, тұрғындар таңдауына мүмкіндік берген ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтқанымыз абзал. Мемлекет басшысының бұл шешімі халық пен билік арасындағы сенімді нығайтуға, әкім сайланғаннан кейін тұрғындармен бірлесе өнімді жұмыстар атқаруына жол ашпақ.

***– Биыл Талап елді-мекенінің әкімі сайланбақ. Ауыл әкіміне үміткерлер қалай іріктеледі?***

– Ұлттық экономика министрлігінің тапсырмасымен ауыл әкімдерін сайлау осы жылдың шілде айының соңғы 10 күні ішінде өтуі тиіс деп белгіленген болатын. Осының негізінде сайлау өтетін күн нақты белгіленді. Ауыл әкімдерін сайлау шілденің 25-і күні өтеді. Әкім болуға үміткер 25 жастан асқан, мемлекеттік қызметте кем дегенде 2 жыл жетекшілік қызмет атқаруы шарт. Сот шешімі бойынша жазасы өтелмеген немесе алынбаған және сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе құқықбұзушылық үшін кінәлі деп танылған адам кандидат бола алмайды. Ауыл әкіміне үміткер сол елді мекеннің немесе аймақта тұрғылықты тіркеуде болуы қажет. Белгілі бір жердегі ауыл әкімдігіне сол облыстың өзге аудандарынан немесе еліміздің басқа облыстарынан үміткерлер тіркеле алмайды. Мысалы Талап елді-мекенінің әкімі болуы үшін үміткер не Талаптың немесе Жезқазған аймағының тұрғыны болуы шарт. Сондай-ақ бұл жолғы сайлауда бекіту талондары болмайды. Яғни, өзге өңірлерде жүрген Талап ауылының тұрғыны сол жердегі сайлау учаскесі арқылы дауыс бере алмайды. Ауыл әкімін сайлау үдерісіне атсалысып, таңдау жасағысы келетін тұрғын Талап елді-мекеніне келіп, осындағы №240 сайлау учаскесіне барып дауыс беруге міндетті. Келесі жылы Кеңгір мен Теректі ауылдарының әкімдері сайланатын болады. Міне, сол кезде Теректіде жүрген Кеңгір тұрғыны мен Кеңгірде жүрген Теректі тұрғындары тұрғылықты жерінің әкімдерін бекіту талондар арқылы сайлау құқығын пайдалана алады.

– Кандидаттарды тіркеу сайлау күнінен 10 күн бұрын аяқталады. Әр саяси партия бір ғана кандидат ұсына алады. Бұл жолғы сайлауда әкім болуға үміткер өзін-өзі ұсына алады. Ол үшін сол ауыл халқының өз кандидаттығын қолдайтындығын растайтын 1 %-дық қолын жинауы қажет. Сайлау болуы үшін кем дегенде үш үміткер додаға түсуі шарт. Кандидаттардың өтініші қабылданғаннан кейін республикалық мемлекеттік қызметтер агенттігі әкім болуға ниеттілердің құжаттарының дұрыстығын тексерістен өткізеді. Тексеріс толық жүргізіліп, оң нәтижесін бергеннен кейін ғана кандидаттар іріктеліп, сайлауға дайындық жұмыстарын жүргізулеріне болады. Сайлау күнінің алдындағы соңғы онкүндікте үгіт-насихат іс-шаралары, тіркелген кандидаттар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар және сайлауға дайындық жүзеге асырылады. Сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытынды шығарылады, жеті күн ішінде сайланған әкімді тіркеу жүзеге асырылады. Әкімге тиісті куәлік табысталады. Сайланған әкімнің өкілеттігі оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталатынын айта кеткеніміз жөн.

***– Сайлауға дайындық қалай жүріп жатыр?***

– Біз сайлау туралы барлық ақпараттарды дер кезінде әкімдіктің ресми сайтына, әлеуметтік желі парақшаларына және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялап отырмыз. Әзірге «Nur Otan» партиясынан бір үміткер ұсынылды. Іріктеу толық аяқталғаннан кейін арнайы комиссия тексеріс жүргізіп, кандидаттар тізімін бекітуге рұқсат береді. Содан кейін ғана олар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе алады. Талап елді-мекенінде № 240 сайлау учаскесі жұмыс істейтін болады. Сайлау 25 шілде күні таңғы сағат 7:00-ден кешкі 20:00-ге дейін жалғасады. Мен барлық 18 жастан асқан талаптық сайлаушыларды дауыс беруге шақырамын. Биылғы ауыл әкімдерін сайлау бюллетенінде «Бәріне қарсымын» деген тармақ болады. Соған сай үміткерлер тізімі арасынан әкім болуға лайықтыны кезіктірмесеңіз ешкімді де таңдамай, бәріне қарсылығыңызды білдірсеңіз болады. Сіздердің әрқайсысыңыздың таңдауларыңыз өздеріңіздің кіндік қандарыңыз тамып, дүниеге келген, бүгінде тұратын ауылдарыңыздың болашағына тікелей әсер ететінін естен шығармағандарыңыз абзал. Ауылын өркендетіп, гүлдендірер, көркейтер әкімге дауыс беріп, білікті басшыны сайлау – әрбір жауапкершілігі мол азаматтың міндеті деп білемін.

***– Сұхбатыңызға рақмет. Алдағы сайлауды абыроймен өткерулеріңізге тілектеспін.***

**Сұхбаттасқан**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «БҰЛ ҚАЙДАН КЕЛГЕН ӘКІМ?» ДЕГЕН СҰРАҚ ЕНДІ ҚОЙЫЛМАЙТЫН БОЛАДЫ



***Елімізде ауыл әкімдерін тұрғындардың тікелей сайлау мәселесі бұрыннан көтеріліп келеді. Халық бұған әбден дайын деп айтуға болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында қоғамдық пікір сауалдамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отырғандығын, енді бұл мәселені кейінге қалдыруға болмайтынын және 2021 жылы ауыл әкімдерін тікелей сайлауды өткізуге болатындығын айтты.***

Осыған байланысты сайлау туралы заңнамаға жуырда енгізілген өзгерістерге сәйкес енді ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар тікелей сайлайтын болды. Олардың саны еліміз бойынша – 2 345. Қазақстанда халықтың 40%-дан астамы ауылдық жерде тұратынын ескерсек, бұл сайлаудың орны ерекше. Биыл өкілеттілігі аяқталатын 836 әкім сайланады. Осы әкімдерді сайлауға 1 млн 250 мыңнан астам адам қатысады.

25 шілдеге жоспарланған жергілікті сайлау науқанының назар аударатын бірнеше қызықты жағы бар.

**Біріншіден**, әкімдерді сайлаудың кезең-кезеңмен өтуі. Бірінші болып өкілеттілігі аяқталатын әкімдер сайланады. Содан кейін біртіндеп өкілеттіліктері аяқталуына байланысты келер жылдарда қалғандарын халық таңдайды. Белгілі бір ауылдарда эксперимент үшін өткізілген сайлауларды есептемегенде, бұл деңгейде өткізілетін алғашқы тікелей сайлау болғандықтан, кемшіліктер білінсе, оларды алдағы кезде реттеп отыруға мүмкіндік туады.

**Екіншіден**, ауыл әкімдігіне кандидаттарды ұсынудың жаңа тәртібі. Бұрын үміткерлерді аудан әкімі ұсынатын. Мәслихаттардың мардымсыз мәртебесін ескере отырып, бұл іс жүзінде тағайындау болғанын мойындауымыз керек. Ал енді кандидаттарды ұсынудың бірнеше жолы бар. Талаптарға сәйкес келетін үміткерлер өзін өзі ұсына алады немесе оларды партия ұсынады. Өзін өзі ұсынатындар қолдаушылар қолын жинауы қажет. Ал партияларды ауылға жақындатудың қадамы – осы ауыл әкімдерінің сайлауы. Ауылдағы әкім сайлауына партиялар үміткерді алыстан емес, осы ауылдан іздейтіні анық. Бұл партиялар ауылдардағы беделді тұлғаларға арқа сүйейді деген сөз. Тіркелген партиялар ауылда тұратын 40 пайыз электоратпен қоян-қолтық жұмыс істеу мүмкіндігін қолдан шығармайды деп ойлаймын.

Аудан әкімдерінің жергілікті халықпен кеңесе отырып, үміткер ұсынуының бір-ақ жолы қалдырылды: ол сайлауда балама болмаған жағдайда.

**Үшіншіден**, географиялық детерминизм. Бұл – саяси үрдістерге географиялық факторлардың әсері. Оңтүстіктегі тұрғындары көп және тығыз орналасқан ауыл мен жартылай бос солтүстіктегі ауылдың жағдайы әртүрлі екенін білеміз. Еліміздегі әрбір ауылдың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол – экономикалық дамудың түрлі деңгейі, орталыққа алыс немесе жақын орналасуы, халық құрамы, сан түрлі менталитет және т.б. көптеген фактор. Француз ғалымы Монтескье айтқан географиялық детерминизм алдымызда тұрған сайлау науқанына ықпалы болады деп айтуға болады.

**Төртіншіден**, сайлау бюллетеніне «Барлығына қарсымын» деген бағанның енгізілуі. Мемлект басшысының бастамасымен енгізілген сайлау заңнамасындағы бұл өзгеріс азаматтардың сайлау құқығын кеңейтуге бағытталған. «Барлығына қарсымын» деген таңдаудың болуы әр қоғамда кездесетін наразы пікірді ескереді. Егер тұрғын шынымен лайықты үміткер жоқ деп тапса, сайлауды жоққа шығармай, өз еркін білдіруге мүмкіндігі болады. Бұл сайлаудың легитимділігін жоғарылатып, ел ішіндегі наразы көңіл күйді бәсеңсітуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Бесіншіден, жергілікті сайлауалды технологиялар. Әкім боламын деген үміткер сайлаушының назарын аударатын бағдарлама әзірлеп, мүмкіндігінше PR жасауға тырысатыны белгілі. Партиялар ұсынған кандидаттар кең көлемдегі ақпараттық қолдауға иек артатыны сөзсіз. Дегенмен де үміткерлер ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерімен бірге, жергілікті тұрғындармен tet-a-tet кездесулердің мүмкіндіктерін кеңінен қолданады деп ойлаймын. Халықтың таңдауына бетпе-бет кездесулердің тікелей әсері болмақ. Әрине, карантиндік талаптарды ескере отырып. Жалпы, ауыл әкімі сайлауында үміткерді халық көп жағдайда жақсы білетіндіктен, жеңіске шешуші ықпал ететін фактор – саяси жарнама емес, оның халық алдындағы беделі мен осыған дейін қол жеткізген табыстары деп болжам жасауға болады.

Әкімдерді тікелей сайлаудың артықшылықтары қандай? Бұл үрдістің бірнеше артықшылықтарын атап өтуге болады:

Біріншіден, сайланатын әкімдердің халық алдындағы жауапкершілігі артатын болады. Халық сенім білдіріп сайлағандықтан, әкім жоғарыда тұрған билік органдарына емес, енді жергілікті тұрғындарға тәуелді болады. Яғни халықтың жергілікті билікті қалыптастыруға ықпалы күшейеді. Ал әкім халықтың қолдауына ие болғандықтан, оның билігі ендігі кезекте легитимді болады. Халықтың көпшілігі дауыс беріп сайлағандықтан, «Бұл қайдан келген әкім?» деген сұрақ қойылмайтын болады. Әкімнің қызметіне бағаны сайлау арқылы тұрғындар беретіндіктен, алдағы уақытта әкімдердің қызметі жанданып, мұның өзі ауылдың жағдайын жақсартуға септігін тигізбек.

Екіншіден, тұрғындардың сайлау мәдениеті одан әрі көтеріле түседі. Халық өзі тікелей дауыс беретіндіктен, жергілікті басқару үдерісіне қатысу белсенділігі артатын болады деп ойлаймын. Біз бұған дейін ауыл әкімін мемлекеттік биліктің атқарушы тармағының өкілі деп қарастырып келсек, енді жергілікті өзін өзі басқарудың өкілі, яғни халықтың өкілі деп қарастыратын боламыз. Қазір Президент тапсырмасымен әзірленіп жатқан «2030 жылға дейінгі Жергілікті өзін өзін басқаруды дамыту тұжырымдамасының» жобасына сәйкес 2024 жылға қарай аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау жоспарланып отыр. Сол кезде ауыл әкімдерін сайлау тәжірибесі өте қажет болады.

**Елдос ЖҰМАҒҰЛОВ,**
**саясаттанушы**
*Дереккөз: egemen.kz*

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



# ЗИРАТТАР ҚОРЫМЫНА НЕГЕ КӨҢІЛ БӨЛІНБЕЙДІ?

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Негізінде «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» ММ-сі 79 гектар аумақтағы жерлеу орындарына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша тапсырыс беруші болып табылады. Соған орай бөлім жыл сайын конкурс өткізіп, тиісті мердігерге қаржы бөліп келеді. Тым әріге бармай-ақ кейінгілерін айтар болсақ, 2019 және 2020 жылдары конкурс бойынша «Адал Еңбек» ЖШС жеңімпаз болып, әр жылы 3 млн. теңгенің үстіндегі қаржыны игерген. Бірақ, нақтылы қандай жұмыс көлемін атқарғаны белгісіз. Конкурс жеңімпаздарына қойылатын талап бойынша анықталған мердігер 79 гектар аумақтағы зираттарды күтіп ұстаумен айналысуы керек. Оның ішінде қорымның сыртқы қоршауларын жөндеу және бояп-сырлау, жасыл желектерді суару үшін күн сайын су жеткізіп тұру, зират аумағындағы күнделікті санитарлық тазалықты сақтап, тазартып отыру, арамшөптерден арылту сияқты жұмыстармен айналысуға тиіс. Биылғы жылы осы шаруаларды атқаратын мердігер ұйым ретінде Айсұлу Құсайынова жетекшілік жасайтын «Магира Медиа» ЖШС таңдалыпты. Зираттар аумағын күтіп ұстауға қатысты жұмыс көлемін атқарғаны үшін жыл аяғына дейін мердігерге 3 млн. 102 мың теңге төлеу қарастырылып отыр. «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бізге ұсынған соңғы дерегі бойынша мердігердің бір КамАЗ, бір су таситын автомашинасы және бір тиегіші осы жұмысқа тартылған. Олар дүйсенбі – бейсенбі аралығында христиандар зиратында, сейсенбі – сенбіде мұсылмандар қорымында жұмыс істеуге тиіс. Бүгінге дейін зираттар басына 16 текше метр су жеткізіліп, 100 текше метр қоқыс шығарылған дейді. Алайда, христиандар жерленген аумақта не істеліп жатқанын білмедік, ал қағаз жүзіндегі бұл есеп мұсылмандар зиратындағы біз барып көзбен көріп, ондағы шаруалармен айналысатын қабіршілер айтқан жағдаймен мүлдем сәйкес келмейді. Сонда кімнің уәжіне сенеміз? Мемлекеттен қаржы бөліп, тапсырыс беріп отырған бөлім тым болмаса сол жерде тұрақты болатын қабіршілер бригадирі мен мердігер ұйым басшысын кездестіріп, неге ортақ істі пысықтап тапсырмаған? Мұның өзі зират қорымын күтіп ұстаудың дұрыс ұйымдастырылмай отырғанын көрсететін жағдай.

Мұсылмандар зиратын күтіп ұстау ісіндегі келеңсіздіктер туралы тұрғындар тарапынан сын пікірлердің жиі көтерілетінін жоғарыда айттық. Осыған байланысты бір топ ақсақалдардың қозғау салуымен қалалық қоғамдық кеңес өткен жолғы өзінің кезекті отырысында «Қаламыздағы мұсылман зираттарын күтіп ұстау ісін ұйымдастыру және оны тәртіпке сай реттеу туралы» мәселені арнайы талқылаған екен. Қала әкімі Қайрат Әбсаттаров қатысқан осы талқылау барысында мұсылмандар зиратына қатысты орын алған кемшіліктер ортаға салынып, марқұмдардың мәңгілік мекеніне қатысты жұмысты реттеп, күтіп ұстау жөнінде көптеген ұсыныстар айтылыпты. Қала қоғамдық кеңесінің мүшелері, қоғамдық бірлестіктер мен қоғам белсенділері жүргізген зерттеулерде ескі зираттың сыртында жаңа қорымдар пайда болып, мәйіттер ретсіз бей-берекет жерленетіні анықталған. Қала әкімдігі 2017 жылы зират аумағын кеңейтуге 7,4 гектар жер бөлген. Осы аумақтың құрылыс-монтаж жұмыстарының жобалық-сметалық құжаты жасалғанымен жобаны іске асыру әлі толық қолға алынбаған. Біздің қазақ қайтыс болған адамын әр төбенің басына жеке-жеке қоюға құмар. Осының әсері болар, жергілікті атқарушы биліктің шешімінсіз Жезқазған-Қарағанды автожолының бойында, одан әрі қарайғы төбе басында пайда болған қорымның аумағы жыл сайын үлкейіп барады. Қала әкімдігінің мәлімдеуінше, автомобиль жолының бойындағы бейіттердің күрежолға тым жақындап кетуінің кейін айтарлықтай зардабы болуы мүмкін. Автожол кейін кеңейтілетін жағдайда оның бойымен үлкен құрылыс жүргізіледі, сонымен қатар жолды бойлап жер астымен байланыс кабельдері тартылған. Бұдан бөлек жоғарыда айтылған бөлім арқылы қаржы бөлініп, күтім жасалуға тиіс мұсылмандар зиратының өзі үш бөлек жерге орналасқан. Осының өзі бұл аса шетін болып табылатын мәселені тиісті заңдылыққа сай реттеуді қажет етеді. Осы іске қозғау салып жүрген ақсақалдарымыздың бірі, қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі Қадыр Үңгітбаев:

– Бұл дүниеден өткен марқұмдарды жерлеу, әруақтарды риза ету және зираттарды күтіп ұстау құранда да айтылған, қазақ халқының ежелден бойына сіңген асыл салт-дәстүрлерінің бірі. Жыл сайын қаламыздың тұрғындары жобамен 750-800-дей ағайын-туыстарын ақтық сапарға шығарып салады екен. Үкімет белгілеген тәртіп бойынша марқұм болған әр адамды жерлеу үшін 6 шаршы метр жер бөлінгеннің өзінде қабірлердің аумағы 1 гектардан астам жерді алады. Ал, біз күмбезді кесене, төрт құлақ там тұрғызамыз, жақынына деп тағы жер телімін қалдырамыз. Сонда зираттар аумағы жыл сайын бірнеше гектарға көбейіп отырады деп шамалауға болады. Осының белгісін №1 ауылдағы ескі қорым, Талап ауылы жақтағы жол бойында бой көтерген жаңа зират, Қарағандыға шығар жолдағы және басқа зираттар аумағының кеңейіп келе жатқанынан анық көруге болады. Төрт бөлікте орналасқан мұсылман зираттарының бірде-біреуінде күтім жасайтын адам, не иелік ететін шырақшы жоқ. Оншақты адамнан құралған қабір қазушылар бар. Алайда, бұлардың жергілікті білікпен немесе тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімімен байланысы жоқ, өз беттерімен қызмет етуде. Зираттар аумағына қамқор ниетпен көңіл бөлінбеуі аса қынжыларлық шаруа. Тиісті шешім бойынша бекітілген зират қорымын қоршауға қаржы бөлінгенімен бұл іс әлі жүзеге асқан жоқ. Мемлекеттік бюджеттен жерлеу рәсімдеріне қатысты бөлінетін қаржының қалай жұмсалатындығына да тексеріс жасаған жөн.

Екіншіден, біз нарық жағдайында жерлеу және зират қорымын күтіп ұстау ісінде қала тұрғындарының аса көп емес бөлігін құрайтын орыс халқынан қалып қойыппыз. Оларда 3 жерлеу бюросы жұмыс істейді. Соның бірі «Надежда» өндірістік кооперативі көрсететін жерлеу қызметі жайлы айтар болсақ, онда 30-40 адам еңбек етеді. Мәйітті жуып, киіндіріп, зиратқа жеткізіп, жерлеп көмгенге дейінгі шаруалардың барлығын өздері атқарады. Құлпытасын, шарбағын орнатып береді. Тіпті мәйіт жуатын соңғы үлгідегі автоматмашина жабдығына дейін сатып алыпты. Қайтыс болған адамды еліне апарып жерлеу қажеттігі туса тоңазытқышпен жабдықталған автокөлікпен мәйітті ТМД елдерінің кез-келген қаласына жеткізетін мүмкіндіктері бар. Сол арқылы жеткілікті қаражат тауып отыр. Қайтыс болған үй-күйі, жақындары жоқ адамдарды жерлеумен де айналысып, оларға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржыны да игеріп отырған жайлары бар, – дейді ақсақал.

Негізінде ел аумағындағы қабірлер мен зираттарды реттеу шараларына қай елде болмасын мемлекет тарапынан көңіл бөлінеді. Мәслихат бекіткен қағидаларда бұл міндет айқын көрініс тапқан. Біздің қалада зиратқа күтім жасаумен айналысатын мердігердің жұмысына жеткілікті бақылаудың жоқтығы байқалады. Қала бюджетінен жыл сайын елеулі мөлшерде қаржы бөлініп отырғанымен, тиісті жұмыстар өз мәнінде жүргізілмей отыр. Бұл жағдайға зират қорымына ие әкімшінің болмауы да айтарлықтай әсерін тигізуде. Көпшілік қауым жергілікті атқарушы билік тарапынан осы көтерілген мәселелердің оң шешілуін сұрап, орынды талап қоюда. Біле білсек, бұл өмірдегі барша жанның түбінде бір барар жеріне жасайтын құрметіміз бен қамқорлығымыз кемімегені жөн.

**Амандық РАХҰЛЫ**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ

***«Нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген дана халқымыз қос ішекті, көп пернелі, үні ерекше, дауысы сазды ұлттық аспабын айрықша қадір тұтқан. Расында да, қазақ ұғымымен егіз мәнде қолданылатын осынау домбыра аспабы әр қазақтың төрінде ілулі тұрады. Оны халқымыз аяқ асты етпей, құтты қазынасына балап, қадір тұтқан.***





Елбасының шешімінен 2018 жылдан бастап шілде айының бірінші жексенбісі ұлттық домбыра күні болып бекітілген болатын. Бүкіл ел ыстық ықыласпен тосатын аталған мерекені жезқазғандықтар да әспетті түрде қарсы алды.

Биылғы мерекеде алғашқы болып Жезқазған жастар ресурстық орталығының өнерлі тарландары «Dombyra party» ұйымдастырып, челледжді Сәтбаев қаласының жастарына жолдады. Одан әрі қаламыздағы «Балауса» домбырашылар ансамблі Құрманғазы Сағырбаевтың «Балбырауын» күйін орындап, мысты шаһардағы ұлттық музыка өнерінің даму қарқынының жоғары деңгейде өріс алып жатқанын, домбыра аспабына деген қала жастарының қызығушылығы зор екенін тағы бір дәлелдеді.

«Технодом», «Мечта», «Гранд Стивал» сауда орталықтары да күй күмбіріне бөленіп, қала тұрғындары ерекше әсерге бөленді.

Ұлттық домбыра күні қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова перзентханаға бас сұғып, мерейлі мерекеде өмірге келген нәрестелер мен олардың аналарының хал-жағдайымен танысты. 4 шілде күні Жезқазған перзентханасында төрт ұл, екі қыз дүние есігін ашыпты.

– Қазақ халқы домбырасына үкі тағып, орнын биіктен белгілеген. Домбырасын ұрпағына мұра етіп қалдырып отырған. Домбыра аспабы, онда шертілер әрбір күй – рухани құндылықтарымыздың ең жоғарғы көшін бастайды. Осындай мәнді де мағыналы мерекеде туған сәбилердің өмірі көркем, болашағы жарқын болары сөзсіз. Балапандарыңыз айбынымызды асқақтатып, еліміздің даңқын шығарар азамат болсын! – деген Зина Жұманазарқызы жас аналарға гүл шоқтары мен арнайы сый-сыралғылар табыс етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҮШТІЛДІЛІК – ӨРКЕНИЕТТІҢ ЖОЛЫ

***Тілдің қоғамдағы қызметі өте зор.Тіл арқылы адамзаттың танымы мен түсінігі қалыптасады. Жоғары мәдениеттіліктің кепілі де тіл.***

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны Мемлекет басшысы 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясында XII құрылтайында жария еткен болатын. Елімізде «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асырылып келеді.

Әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «XXI ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болып, дүние жүзіне ең кең таралған халықаралық тілге айналған. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл – ағылшын тілі. Елбасымыз: Біз ағылшын тілін меңгеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктер ашады», деген сөзінен еліміздің тілдік кеңістігінде бірнеше тілдік орта қалыптастыру керектігін айқындайды.

Қазақ тілі – елдің асыл, құнды қазынасы. Қазақ тілінің негізі – бабалар өсиетінде, ұлылар ұлағатында жатыр. Басқа тілді үйрену – өз тілімізді ұмыту, білмеу емес.

Қазақтың біртуар азаматы Халел Досмұхамедов: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» деп айтқан тұжырымында үлкен мән жатыр. Өз тілімізді қастерлей отырып, шет тіліне даңғыл жол ашуымыз қажет. Осы бағытпен жүрсек қана, Қазақстанда шетел тілдерін меңгерумен қатар, қазақ тілі кеңістігінің салтанат құруына жол ашамыз.

Бүгінде қазақ тілін заман талабына сай ғылым мен өркениеттің, бүгінгі техниканың тіліне айналдыру қажеттілігі басты мәселе боп тұр. Қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдырудың тетігі – латын қарпіне көшу. Латын әліпбиіне көшуіміз – қазақ тілінің ғаламторда пайдалану мүмкіндігін жеделдетіп, оның техника тіліне айналуына жол аша отырып, әлемдік деңгейде танылуына мүмкіндік бола алады.




Қорыта келгенде, ұлы Гетенің: «Шетел тілін білмеген адам, өз тілінде де ешнәрсе білмейді» деген философиялық ойында терең мағына жатқанын аңғару қиын емес. Ендеше, көп тіл білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты.

**Торғын ТҮСІПОВА,**
**№1 ЖББМ-тің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**







COVID-19

# ҮНДІ ШТАМЫ НЕГЕ ҚАУІПТІ:

## «СПУТНИК V» ВАКЦИНАСЫ ҚАРСЫ ТҰРА АЛА МА?



***Нұр-Сұлтан мен Алматыда коронавирустың үнді штамы табылды деген қауіп анықталды. Ведомствоаралық комиссия карантин шараларын күшейтуді ұсынды. «Дельта» (үнді штамы) деп аталатын коронавирустың мутацияланған бұл түрі қаншалықты қауіпті? Қазақстанда салынып жатқан «Спутник V» вакцинасы үнді штамынан қорғай ала ма? Бұл сұрақтарға вирусолог Әсел МҰСАБЕКОВА жауап берді.***

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой да үнді штамын басқалармен салыстырғанда ауыр екенін ескертті. Ресейде коронавирустың үнді штамы мамыр айының соңында анықталды. Содан бері елде, әсіресе, Мәскеуде вирус жұқтырғандар саны күрт көбейген.

11 мамырда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирустың «Дельта» (үнді штамы) деп аталатын нұсқасының таралуына байланысты алаңдаушылық білдірді. Бұған дейін мұндай штамм қатарында үш нұсқа болған еді. Олар: «Альфа» нұсқасы (британиялық штамм), «Бета» (оңтүстікафрикалық штамм) және «Гамма» (бразилиялық штамм).

Factcheck.kz «Дельта» нұсқасының басқа нұсқалардан айырмашылығын түсіндіру үшін Ұлыбританияның денсаулық сақтау ұйымының есебін ұсынған. Ақпанның басынан маусымға дейін Ұлыбританияда тіркелген коронавирус жұқтырғандардың 74%-нан және вирус жұқтырғаны ПТР-сынақ арқылы белгілі болған адамдардың 96%-нан вирустың «Дельта» нұсқасы табылды.

**«Saryarqa-ақпарат»**




ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

***Ешкімді аямайтын, ешкімге көңіл бұрмайтын, тек қана өз шындығымен ғана жүретін тарих жолында даңққа бөленген адамдар мен мемлекеттер аса көп дей алмаймыз. Керісінше, дақпырты мен дарақылығы үшін бүгінгі ұрпақ алдында бас көтере алмайтындар жетерлік. Тарихтың ұлылығы да осында болса керек-ті. Артынан ерген халқы, туған елі, жері үшін соңғы демі қалғанша күрескен жан тарих бетінде қалсам екен деген ойдан ада болады. Оның еңбегін тарих өзі-ақ алтын әріптермен әспеттейтін болады.***

# МАҚСАТЫ АЙҚЫН МӘҢГІЛІК ЕЛ

Міне, осындай тұлғалар Қазыбек бише айтқанда өз жайымен малын бағып, ешкімге соқтықпай жай жатқан қазақ халқында да мол болған. Сонау Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Абылай, Кенесары сынды хандардан Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек, Қарасай батырларға жалғасқан, беріректе Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев, ағайынды Жанша және Халел Досмұхамедовтар сынды алаш арыстары, желтоқсан аязында от пен суға, оққа сескенбей қарсы тұрған Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова сынды боздақтардың туған жерге, еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, батылдығы, батырлығы арқасында қазақ халқы да Тәуелсіздік атты киелі сөзді шын сезініп, мәнін ұғынып көрді. Азаттық деп аласұрған, еркіндік деп екпіндеген халқымыздың ендігі мұратын орындау бақыты бүгінгі біздің ұрпақтың еншісіне тиіпті.

«Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады» дейді кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов. Растығына еш шүбәм жоқ. Бұл орайда Жаратушы иенің қазақ атты мәрт те маңғаз, ақжүрек һәм адал әрі аңғал халыққа жақсы басшыны сыйға тартқанына алғысым шексіз. Себебі Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күннен елімізді төрге сүйреген Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз. Ол ел тұтқасын ұстаған бірінші күннен-ақ әлем тарихында жарқын із қалдырған сан түрлі игі істер атқарды. Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегін тізе берсек бірнеше кітап жазып шығаруға болады. Ол атқарған айтулы істердің ең шоқтығы биік, алдыңғы саптағыларына 1991 жылдың 29 тамызында қасиетті шығыс топырағы Семейдегі ядролық сынақтарды тоқтату туралы Жарлыққа қол қоюын айтар едім. Оның бұл шешімі өзіне дейінгі бірде-бір басшының қолынан келмеген, әлем жұрты таңдай қаққан айрықша ерлік.

130-дан астам диаспора тұратын елде татулықты мығым етіп, бірлікті бекемдеуінің өзі неге тұрады?! Байырғы халқы қазақтар саналатын қазақ елінде ешқандай өзге ұлт өкіліне қысым жасалған емес. Бұл, алдымен, дархан пейілді, кеңжүрек халқымыздың өресінің биіктігі мен бауырмалдығының арқасы болса, екіншіден, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясаткерлігінің арқасы екені шүбәсіз.

«Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар: ол – Тәуелсіз Қазақстан» деген Елбасының сөзі жастарымызға қай кезде де үлгі болары анық. Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршілдігін, тілі мен ділінің беріктігін танытты. Бұған дейін де табиғатпен үндесіп, бар биік қасиеттерді бойына жинаған қазақ халқы ұлылығын Тәуелсіздік тұсында да одан әрі дәлелдей, шыңдай білді.

Еліміздің барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәрежеміз қатар қалыпта күн кешуіміз – Тәуелсіздіктің арқасында.

Тәуелсіздік алғалы Нұрсұлтан Назарбаев көптеген жүйелі жобаларды жүзеге асырып, экономиканы алға сүйрейтін, азаттығымызды алға оздыратын жобалар ұсынды. Солардың қатарында «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауындағы ұлы мақсаттарға жетелейтін – «Мәңгілік Ел» идеясының жөні тіптен бөлек. «Адалдық және патриотизм. Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астанасы», «Еңбексүйгіштік», «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім», «Азаматтық теңдік», «Толеранттылық», «Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы», «Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысу», «Адалдық», «Зайырлы қоғам және жоғары руханият», «Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім», «Білім беру және білімділік» сынды құндылықтардан құралған идеяның, әсіресе, ел жастарын тәрбиелеуде рөлі ерекше. «Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел», – деген Елбасының сөзінде еліміздің болашағы қазіргі жастарға деген үлкен қамқорлық пен оларға деген зор сенім жатқаны баршамызға мәлім. Ал сол үміт шырағын одан әрі де тұтандырып, жалынды алауға айналдыратын жастарымыз мол екеніне күмән жоқ.

**Ақнұр ОМАРОВА,**
**Жезқазған қаласы,**
**91-орам тұрғыны**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# ЗАМАН ТАЛАБЫ

***Еліміз Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде мемлекеттік тіл саясатын дамытудың негізгі қағидаттарын қалыптастырды. Қазақ тілінің мәртебесін асқақтату мен беделін биіктету жолындағы бұл қадамдар жас мемлекетімізде өзге тілді меңгеруге де мүмкіндік берді.***

Кез келген мемлекет үшін тіл – халықтың аса құнды, баға жетпес мұрасы және тәуелсіздіктің нышаны. Тіл – тәуелсіз елдің мәдениеті мен салт-дәстүрінің мәйегі. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» демекші, елді ел қылатын, ұлтты басқа ұлттан ерекшелейтін де осы тіл болмақ. Еліміз көпұлтты болғандықтан, халқымыз әр түрлі тілде сөйлейді. Дегенмен, өзге тілдердің бәрін бірдей, бөліп-жармай қолданысқа енгізу қоғамда хаос орнауына әкеп соғады. Сол себепті Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілінің мемлекеттік тіл екенін жариялаған болатын. Сонымен қатар, көпшілік орыс тілін жақсы меңгергендіктен, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең дәрежеде қолданылып келеді.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру – заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

Абай атамыздың «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» деген нәрлі нақылын әрмен қарай «тіл игеру үшін тілек те керек, жүрек те керек» деп жалғастыруы тағы да тілдің мән-жайына үстірт қарамай, үңіле зерделеуді қажет етеді дегенді меңзейді. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жасыл жарық жағылып тұратыны белгілі жайт.

Келешекте жеті жұрттың тілін біліп, мемлекеттің мүддесін, ұлтың мен жұртыңның жай-күйін әлемге дауысың жететін мінберден асқақтата айтып тұратын күнге жетуіміз керек. Міне, сондықтан да еліміздің бәсекеге қабілетті елдермен теңесетін жағдайында осы үш тілді жетік меңгерген білікті мамандардың қажеттілігі артатыны белгілі. Өз ана тілінен бөлек өзге тілдерді де қызығушылықпен меңгеріп жүрген жастар қаншама?!

Қазіргі заманғы жастардың көзі ашық, көкірегі ояу. Олар өз елімен шектеліп қалмай шет мемлекеттерге шығып, өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауды мақсат санайды. «Тіл адамды көкке көтереді, тіл арқылы ол бақытқа жетеді» деп ұлы ғұлама Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, өз ана тілімен қоса ағылшын және орыс тілдерін де қатар меңгеріп, көптеген жетістіктерге жету дамыған ел азаматтарының басты жетістігі деп санаймын.

**Әсел БІРӘЛІҚЫЗЫ,**
**Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі**

«Saryarqa» газетінің редакция ұжымы және ардагерлері газет ардагері **Сейтжан Нұрмағанбетұлы ОТЫЗБАЕВТЫҢ** дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 2 баспа табақ. Тапсырыс №26. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Думан ӘБІЛТАЕВ.
Ⓐ – материал ақылы.

100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88
Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.